

**Тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларды аттестаттау
қағидаларын бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 қарашадағы № 1364 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 680 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 680 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 4-2/60 бұйрығын қараңыз.

«Тұқым шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңының 5-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі
Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларды аттестаттау қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2011 жылғы	21 қарашадағы
№ 1364 қаулысымен	
бекітілген	

**Тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларды аттестаттау
қағидалары**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларды аттестаттау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Тұқым шаруашылығы туралы» 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және заңды тұлғаларды тұқым шаруашылығы саласындағы ұлттық стандарттар мен өзге де нормативтік құжаттар талаптарына тұқымдардың сорттық және егу сапасының сәйкестігіне зерттеулер жүргізу құқығына аттестаттау тәртібін белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.29 № 1505 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылды:

1) аттестаттау – заңды тұлғаның тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертхана мәртебесіне сәйкестігін анықтау (растау);

2) аттестаттау туралы куәлік – мемлекеттің тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханалардың қызметін тануын растайтын, өз құзыреті шегінде тұқым шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) берген құжат;

3) тұқымдардың егу сапалары – тұқымдардың егу (отырғызу) үшін жарамдылық дәрежесін сипаттайтын олардың сапа көрсеткіштерінің жиынтығы;

4) тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертхана – тұқымдардың сорттық және егу сапасының тұқым шаруашылығы саласындағы ұлттық стандарттар мен өзге де нормативтік құжаттар талаптарына сәйкестігіне зерттеулер жүргізу құқығына белгіленген тәртіппен аттестатталған заңды тұлға;

5) тұқымдардың сорттық сапалары – тұқымдардың ауыл шаруашылығы өсімдігінің белгілі бір сортына жататындығын сипаттайтын белгілер жиынтығы.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.11.29 № 1505 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Заңды тұлғаға тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі аттестатталған зертхана мәртебесін беру тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханалар, сондай-ақ (бар болса) оның құрамына кіретін құрылымдық бөлімшелерді (бұдан әрі – құрылымдық бөлімше) тексеру негізінде уәкілетті органның бұйрығымен жүзеге асырылады.

Уәкілетті орган тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларды аттестаттау құзыретін өзінің ведомствосы – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетіне (бұдан әрі – Комитет) бере алады.

4. Тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларды аттестаттау меншік нысанына қарамастан, тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі барлық зертханалар үшін міндетті болып табылады.

2. Тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларға қойылатын талаптар

5. Тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларға қойылатын талаптарға :

1) мыналармен :

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасының өлшем бірліктерін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесі тізіліміне енгізілген және Қазақстан Республикасының өлшем бірліктерін қамтамасыз ету саласындағы заңнамаға сәйкес салыстырылып тексерілген зертханалық жабдықпен және өлшем құралдарымен;

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша тұқым сапасын анықтау әдістеріне нормативтік-техникалық құжаттама талаптарына сәйкес тұқымның сапа көрсеткіштерін анықтауды қамтамасыз етуге арналған химиялық реактивтермен, материалдармен және құрал-сайманмен;

тұқым сынамаларын сақтауға арналған сөрелермен жарақталған (тұқым сапасына сараптама жасалатын ауыл шаруашылығы дақылдарының түріне байланысты) меншік құқығындағы немесе басқа заттай құқықтағы ғимараттың (үй - ж а й д ы н) ;

2) кемінде бір тұқым сарапшысының;

3) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша тұқым сапасына сараптама жасау кезінде қолданылатын өзекті етілген нормативтік-техникалық құжаттардың, бланктердің (тұқым сапасына сараптама жасалатын ауыл шаруашылығы дақылдарының түріне байланысты) болуы кіреді.

3. Тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларды аттестаттау

6. Тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертхананы аттестаттауды уәкілетті органның бұйрығымен құрылатын құрамында кемінде бес адам (комиссияның төрағасы және төрт мүшесі) бар тұрақты жұмыс істейтін аттестаттау комиссиясы (бұдан әрі – комиссия) жүзеге асырады.

Комиссияның құрамына Комитеттің, аграрлық саладағы ғылыми және қоғамдық ұйымдардың (келісім бойынша) өкілдері кіреді.

Комитеттің құрылымдық бөлімшесі комиссияның жұмыс органы болып т а б ы л а д ы .

Комиссия құрылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде Комитеттің облыстық аумақтық инспекциясының (бұдан әрі – облыстық аумақтық инспекция) бұйрығымен құрамында кемінде бес адам бар (сараптамалық комиссияның төрағасы және төрт мүшесі), тиісті облыс аумағында орналасқан заңды тұлғаға

немесе құрылымдық бөлімшелерге тексеру жүргізу бойынша облыста тұрақты жұмыс істейтін сараптамалық комиссия (бұдан әрі - сараптамалық комиссия) құрылады.

Сараптамалық комиссияның құрамына облыстық аумақтық инспекцияның, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ауыл шаруашылығы саласындағы жергілікті атқарушы органдарының, аграрлық бейіндегі ғылыми және қоғамдық ұйымдардың (келісім бойынша) өкілдері кіреді.

Облыстық аумақтық инспекция сараптамалық комиссия құрылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұйрықтың көшірмесін комиссияға жолдайды.

Облыстық аумақтық инспекцияның құрылымдық бөлімшесі сараптамалық комиссияның жұмыс органы болып табылады.

7. Аттестаттау жүргізу үшін заңды тұлға комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш (тұқым сапасына сараптама жасауды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелердің тізбесін (бар болса), пошталық және электрондық мекенжайын, байланыс телефондарын қоса бере отырып);

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың көшірмесі;

ескертпе: *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады;

3) заңды тұлғаның құрылтай құжаттарының көшірмесі;

4) өлшем құралдарының жай-күйіне жауапты маманның тағайындалуы туралы құжаттың көшірмесі;

5) осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларға қойылатын талаптарға заңды тұлғаның сәйкестігін растайтын құжаттар.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 24.04.2013 № 390 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Комиссия заңды тұлғаның осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген аттестаттауға арналған құжаттары түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық еместігі фактісі белгілі болған жағдайда, уәкілетті орган екі жұмыс күні ішінде

заңды тұлғаға өтінішін қараудан бас тартудың себептерін көрсете отырып, жазбаша түрде дәлелді жауап жібереді.

9. Комиссияның жұмыс органы заңды тұлғадан құжаттар түскен сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде бұл туралы облыстық аумақтық инспекцияны хабардар етеді (хабарламаны жіберу және алу фактісін растайтын тәсілмен).

Сараптамалық комиссия комиссиядан хабарлама түскен күннен бастап он екі жұмыс күні ішінде тиісті жерге бару арқылы заңды тұлғаның немесе тұқым сапасына сараптама жасайтын құрылымдық бөлімшенің осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізеді.

10. Сараптамалық комиссия заңды тұлғаны және құрылымдық бөлімшені (бар болса) тексеру нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысанда тексеру актісін (бұдан әрі – тексеру актісі) үш данада жасайды: сараптамалық комиссия бір данасын комиссияға жібереді, екіншісі облыстық аумақтық инспекцияға сақтауға беріледі, үшіншісі заңды тұлғада немесе құрылымдық бөлімшеде (бар болса) қалады.

11. Комиссия осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген құжаттарды, сондай-ақ заңды тұлғаны және оның құрылымдық бөлімшелерін (бар болса) тексеру актілерін қарау қорытындысы бойынша тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертхананы аттестаттау немесе аттестаттаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды, ол хаттамамен ресімделеді, оған комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

12. Тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертхана мәртебесін беру туралы заңды тұлғаның өтінішін қарастырудың жалпы мерзімі аттестаттауға өтініш келіп түскен күннен бастап жиырма жұмыс күнінен аспауы тиіс.

13. Комиссияның оң шешімін алған заңды тұлғаларға уәкілетті органның бұйрығымен тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертхана мәртебесі беріледі және осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолданылу мерзімі үш жылға жарамды аттестаттау туралы куәлік тапсырылады.

14. Уәкілетті орган осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген заңды тұлғаларға осы Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген мерзім ішінде аттестаттау туралы куәлік беруден бас тартудың себептерін көрсете отырып, жазбаша түрде дәлелді жауап береді.

Комиссияның шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдануға болады.

15. Тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларға қойылатын талаптарға сәйкес еместігіне байланысты аттестаттау туралы куәлік беруден бас тарту туралы комиссияның теріс шешімі қабылданған күннен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң заңды тұлға аттестаттау туралы куәлік беруден бас тартуға әкеп соққан себептерді жойған кезде аттестаттаудан қайта өтуге құжаттарын

т а п с ы р а

а л а д ы .

16. Аттестаттау туралы куәлікке қосымшада көрсетілген құрылымдық бөлімшелердің (бар болса) саны азайған жағдайда заңды тұлға құрылымдық бөлімшені қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы бұйрықтың көшірмесін заңды тұлға басшысы қол қойған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде комиссияға тапсырады.

Құрылымдық бөлімшені қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы заңды тұлға басшысы бұйрығының көшірмесі келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде комиссияның ұсынысы бойынша уәкілетті органның бұйрығымен құрылымдық бөлімше аттестатталған заңды тұлға құрамына кіретін аттестаттау туралы куәлікке қосымшада көрсетілген құрылымдық бөлімшелердің тізбесінен алынып тасталады.

17. Құрылымдық бөлімшелердің саны көбейген жағдайда аттестатталған заңды тұлға сараптамалық комиссияға осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жаңа құрылымдық бөлімшеге тексеру жүргізу туралы жазбаша түрде өтініш береді.

Комиссия сараптамалық комиссия ұсынған құрылымдық бөлімшені тексеру актісі негізінде жаңа құрылымдық бөлімшені аттестаттау туралы куәлікке қосымшада көрсетілген аттестатталған заңды тұлғалар құрамына кіретін құрылымдық бөлімшелердің тізбесіне енгізу немесе енгізуден бас тарту туралы шешім қабылдайды, ол хаттамамен ресімделеді және оған комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

Комиссияның оң шешімін алған құрылымдық бөлімше уәкілетті органның бұйрығымен аттестаттау туралы куәлікке қосымшада көрсетілген аттестатталған заңды тұлғалар құрамына кіретін құрылымдық бөлімшелердің тізбесіне енгізіледі.

Жаңа құрылымдық бөлімше осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда уәкілетті орган заңды тұлғаға аттестаттау туралы куәлікке қосымшада көрсетілген аттестатталған заңды тұлғалар құрамына кіретін құрылымдық бөлімшелердің тізбесіне құрылымдық бөлімшені енгізуден бас тартудың себептерін көрсете отырып, жазбаша түрде дәлелді жауап береді.

18. Тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертхананы қайта аттестаттау осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен үш жылда бір рет жүргізіледі.

19. Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес қайта аттестаттауға өтініш аттестаттау туралы куәліктің қолданылу мерзімі өткенге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей беріледі.

20. Аттестаттау туралы куәлік:

1) заңды тұлға қайта ұйымдастырылған немесе таратылған;

2) аттестаттау туралы куәліктің қолданылу мерзімі аяқталған жағдайларда өзінің қолданысын тоқтатады.

Тұқым	сапасына	сараптама	жасау	жөніндегі
зертханаларды		аттестаттау		қағидаларына
1-қосымша				

Зертханалық жабдықтың және өлшем құралдарының тізбесі

1. Зертханалық таразы
 2. Ылғал өлшегіштер
 3. Термометрлер
 4. Сағаттар (1, 3 минуттық, сигналдық құмсағаттар)
 5. Зертханалық електер жиынтықтары, оның ішінде:
 - а) қақпағы және тұғыры бар № 1, 2 елек;
 - б) шөпке арналған қақпағы және тұғыры бар шағын габаритті елеуіштер
 6. Оптикалық құралдар (микроскоптар, лупалар)
 7. +50-ден +150 С-ға дейінгі реттеу диапазоны бар кептіргіш шкафтар
 8. Тұқым өсіруге арналған термостаттар (жылытқыш және суытқыш)
 9. Зертханалық диірмен
 10. Сынама алуға арналған сүңгілер
 11. Секундомер
 12. Механикалық тұқым бөлгіш
 13. Саңылауларының диаметрі 1; 1,5; 2,5 миллиметрлік електер
 14. Тоңазытқыш (суытқыш термостат болмаған кезде)
 15. Құмды қыздыруға арналған пеш
 16. Тұқым есептегіш-тарқатқыш
 17. Топырақ електері жиыны (мақта тұқымы үшін)
 18. Люминесценттік шам
- | | | | | |
|---------------|----------|-------------|-------|--------------|
| Тұқым | сапасына | сараптама | жасау | жөніндегі |
| зертханаларды | | аттестаттау | | қағидаларына |
| 2-қосымша | | | | |

Химиялық реактивтер, материалдар және құрал-саймандар тізбесі

Реактивтер

1. Натрий гидрототығы немесе Калий гидрототығы
2. Күкірт қышқылы (мақта тұқымының сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханалар үшін)

- 3 . Т ұ з қ ы ш қ ы л ы
- 4 . Х л о р л ы к а л и й
5. Хлорлы тетразол немесе фуксин немесе индигокармин
6. Фосфор қышқылды калий, бір орны ауысқан
7. Фосфор қышқылды натрий, екі орны ауысқан
- 8 . Й о д т ы к а л и й
- 9 . К р и с т а л д ы и о д
- 10 . А з о т қ ы ш қ ы л д ы к а л и й
11. Марганец қышқылды калий
12. Техникалық күйдіргіш натрий
13. Техникалық калий тотығының гидраты
14. Техникалық этил спирті

Материалдар

- 1 . И н д и к а т о р қ а ғ а з ы
- 2 . Т ұ қ ы м к о л л е к ц и я с ы
- 3 . Қ ұ м
4. Қалқалар мен қалдықтарға арналған қағаз пакеттер
- 5 . Р е с п и р а т о р л а р
- 6 . С ү з г і ш қ а ғ а з
- 7 . Қ а р а қ а ғ а з
- 8 . П а р а ф и н
- 9 . Т е х н и к а л ы қ в а з е л и н
10. Орта сынамалар үшін сыйымдылығы әртүрлі матадан жасалған дорбалар
11. Дистиллизацияланған су

Құрал-саймандар

1. Сыйымдылығы әртүрлі шыны ыдыс
2. Құрастырмалы тақтайшалар
3. Зертханалық қалақтар
4. Препаральды инелер
5. Торлы түбі бар метал цилиндр, цилиндрлер
6. Тұқым өсіретін ыдыстар
7. Өлшеуіш колбалар
- 8 . Э к с и к а т о р
9. Өлшеуіш цилиндрлер
- 10 . Б ю к с т е р
11. Зертханалық скальпель немесе пышақ

13. Петри шыныаяғы

Тұқым сапасына сараптама жөніндегі
зертхананы аттестаттау қағидаларына
3-қосымша

**Тұқым сапасына сараптама жасау кезінде қолданылатын
өзектілендірілген нормативтік-техникалық құжаттар тізбесі**

р/с №	Атауы	Стандарт
Сапаны анықтау әдістері		
1	Ауыл шаруашылығы дақылдары тұқымы. Қабылдау қағидалары және сынамаларды іріктеу әдістері	ГОСТ 12036-85
2	Ауыл шаруашылығы дақылдары тұқымы. Тұқымның тазалығын және қалдығын анықтау әдістері	ГОСТ 12037-81
3	Ауыл шаруашылығы дақылдары тұқымы. Өнгіштігін анықтау әдістері	ГОСТ 12038-84
4	Ауыл шаруашылығы дақылдары тұқымы. Тіршілікке бейімділікті анықтау әдістері	ГОСТ 12039-82
5	Ауыл шаруашылығы дақылдары тұқымы. Ылғалдылықты анықтау әдісі	ГОСТ 12041-82
6	Ауыл шаруашылығы дақылдары тұқымы. 1000 дәннің салмағын анықтау әдістері	ГОСТ 12042-80
7	Ауыл шаруашылығы дақылдары тұқымы. Түпнұсқалылығын анықтау әдістері	ГОСТ 12043-88
8	Ауыл шаруашылығы дақылдары тұқымы. Аурулармен залалдануын анықтау әдістері	ГОСТ 12044-93
9	Ауыл шаруашылығы дақылдары тұқымы. Зиянкестер жайлауын анықтау әдістері	ГОСТ 12045-97
10	Ауыл шаруашылығы дақылдары тұқымы. Сапа туралы құжаттар	ГОСТ 12046-85
11	Қ а н т қ ы з ы л ш а с ы тұ қ ы м ы . Қабылдау қағидалары және сынамаларды іріктеу әдістері	ГОСТ 22617.0-77
12	Қант қызылшасы тұқымы. Тұқымның тазалығын және қалдығын, көлемі бойынша тегістігін, біртұқымдығын анықтау әдістері	ГОСТ 22617.1-77
13	Қ а н т қ ы з ы л ш а с ы тұ қ ы м ы . Өнгіштігін және бірөскіндігін анықтау әдістері	ГОСТ 22617.2-94
14	Қант қызылшасы тұқымы. Ылғалдылықты анықтау әдісі	ГОСТ 22617.3-77
15	Қызылша тұқымы. 1000 тұқымның салмағын және бір егістік бірліктің салмағын анықтау әдістері	ГОСТ 22617.4-91
16	Қ а н т қ ы з ы л ш а с ы тұ қ ы м ы . Зиянкестермен залалдануын анықтау әдістері	ГОСТ 22617.5-77
17	Қант қызылшасы тұқымы. Сапа туралы құжаттар	ГОСТ 22617.6-77

18	Гүлді дақылдар тұқымы. Қабылдау қағидалары және сынамаларды іріктеу әдістері	ГОСТ 24933.0-81
19	Гүлді дақылдар тұқымы. Тұқымның тазалығын және қалдығын анықтау әдістері	ГОСТ 24933.1-81
20	Гүлді дақылдар тұқымы. Өнгіштігі мен өсу қуатын анықтау әдістері	ГОСТ 24933.2-81
21	Гүлді дақылдар тұқымы. Ылғалдылықты анықтау әдістері	ГОСТ 24933.3-81
22	Тұқымдық шитті-мақта және мақта тұқымы. Сынамаларды іріктеу әдістері	ГОСТ 21820.0-76
23	Мақта тұқымы. Өнгіштігін анықтау әдісі	ГОСТ 21820.1-76
24	Мақта тұқымы. Ылғалдылықты анықтау әдісі	ГОСТ 21820.2-76
25	Мақта тұқымы. Ластануды, механикалық зақымдануды, талшықтың қалдығын, түбіттің қалдығын және күйгендікті анықтау әдістері	ГОСТ 21820.3-76
26	Мақта тұқымы. Себілген дәрілейтін қоспалардың барлығын, көлемі бойынша тегістігін, қойма зиянкестерімен залалдануын анықтау әдістері	ГОСТ 21820.4-76
27	Тұқымдық картоп. Қабылдау және талдау әдістері	ГОСТ 11856-89
С о р т т ы қ ж әне е ғ у с а п а л а р ы (дәнді, бұршақты дәнді және азықтық дақылдар)		
28	Асбұршақ тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 10246-86
29	Қарақұмық тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 10247-85
30	Ноқат тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 10248-85
31	Тары тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 10249-90
32	Күріш тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 10250-80
33	Лобия және маш тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 10251-85
34	Жасымық тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 10252-84
35	Атбұршақ тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 10253-85
36	Бидай және полба тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 10467-76
37	Қара бидай тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 10468-76
38	Арпа тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 10469-76
39	Сұлы тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 10470-76
40	Азықтық бұршақтар тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 11226-82
41	Біржылдық бөрібұршақ тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 11227-81
42	Құмай жүгері тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 11226-89
43	Сиыржоңышқа тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 11226-82

44	Көпжылдық дәнді азықтық шөптер тұқымы. Егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 19449-93
45	Көпжылдық бұршақты азықтық шөптер тұқымы. Егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 19450-93
46	Бір жылдық азықтық және бал шырынды шөптер тұқымдары. Егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 19451-93
47	Жүгері тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 20555-83
48	Тритикале тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 26763-85
49	Аз таралған азықтық дақылдар тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 28636-90
Майлы дақылдар		
50	Күнбағыс тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 9576-84
51	Жержаңғақ тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 9577-87
52	Күнжіт тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 9578-87
53	Майлы зығыр тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 9668-75
54	Қытайбұршақ тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 9669-75
55	Қыша тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 9670-89
56	Арыш тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 9671-87
57	Мақсары тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 9672-87
58	Үпілмәлік тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 9822-83
59	Майлы көкнәр тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 9823-61
60	Рапс және қышабас тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 9824-87
Техникалық және эфир майлы дақылдар		
61	Темекі және махорка тұқымы. Сорттық және егу сапасы. Техникалық шарттар	ГОСТ 2684-77
62	Диплоидты көптұқымды қант қызылшасы тұқымы. Егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 2890-82
63	Шашыратқы тұқымы. Егу сапалары	ГОСТ 8191-56
64	Кенаф тұқымы. Егу сапалары	ГОСТ 10429-63
65	Сора тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 10430-83
66	Біртұқымды қант қызылшасы тұқымы. Егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 10882-93
67	Салалы зығыр тұқымы. Егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 12388-76

68	Кориандр тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 20455-93
69	Мускатты сәлбен тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 20456-95
70	Қант қызылшасының қабықталған тұқымы. Егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 20797-87
71	Зере тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 21031-90
72	Фенхель тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 21032-90
73	Анис тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 21236-90
74	Мақта тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 5895-75
75	Тұқымдық шитті мақта. Техникалық шарттар	ГОСТ 23577-98
Көкөніс және гүлді дақылдар		
76	Бір жылдық және екі жылдық гүлді дақылдар тұқымы. Егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 12260-81
77	Көпжылдық гүлді дақылдар тұқымы. Егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 12420-81
78	Балдыркөк тұқымдас көкөніс пен азықтық тамыржемістер тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 28676.1-90
79	Асқабақ тұқымдас көкөніс, бакшалық және азықтық дақылдар тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 28676.2-90
80	Алқалылар тұқымдас көкөніс дақылдары тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 28676.3-90
81	Алабота тұқымдас көкөніс дақылдары тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 28676.4-90
82	Азықтық қызылша тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 28676.5-90
83	Қырыққабат тұқымдас көкөніс дақылдары, азықтық тамыржемістер және азықтық қырыққабат тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 28676.6-90
84	Жылыжайлық сорттар және қияр мен қызынақ будандары тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 28676.7-90
85	Пияз және лалагүлдер тұқымдас көкөніс дақылдары тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 28676.9-90
86	Көбелек гүлділер тұқымдас көкөніс дақылдары тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 28676.10-90
87	Қантты жүгері тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 28676.11-90
88	Күрделі гүлділер және айлаулық тұқымдас көкөніс дақылдары тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 28676.12-90
89	Ерінгүлділер тұқымдас көкөніс дақылдары тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 28676.13-90

90	Қарақұмық және құлқайыр тұқымдас көкөніс дақылдары тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ГОСТ 28676.14-90
91	Тұқымдық картоп. Техникалық шарттар	ГОСТ 7001-91
92	Рапс тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ҚР СТ 1360-2005
93	Майлы зығыр тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар.	ҚР СТ 1361-2005
94	Қыша тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар.	ҚР СТ 1363-2005
95	Күнбағыс тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ҚР СТ 1359-2005
96	Майлы дақылдар тұқымы. Қытайбұршақ тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ҚР СТ 1275-2004
97	Арыш тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ҚР СТ 1362-2005
98	Мақсары тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ҚР СТ 1364-2005
99	Асбұршақ тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ҚР СТ 1365-2005
100	Ноқат тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ҚР СТ 1366-2005
101	Темекі тұқымы. Сорттық және егу сапалары. Техникалық шарттар	ҚР СТ 1367-2005

Тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі
зертханаларды аттестаттау қағидаларына
4-қосымша

_____ ға
(мемлекеттік органның толық атауы)

Кімнен _____
(заңды тұлғаның толық атауы)

Өтініш

Аттестаттаудан (қайта аттестаттаудан) өткізуді және

(тұқым сапасына сараптама жасалатын ауыл шаруашылығы өсімдіктерін кө
р с е т у)
тұқымдарының сапасына сараптама жасау жөніндегі зертхана мәртебесін
б е р у д і _____ с ұ р а й м ы н
Заңды тұлға туралы мәліметтер:
Мекенжайы: _____

(индекс, аудан, облыс, қала (ауыл), көше, үй нөмірі, телефон)
Қоса берілетін құжаттар:

(Тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертхананы аттестаттау
қағидаларының
7 - тармағына сәйкес)

Занды тұлғаның құрамына кіретін құрылымдық бөлімшелердің тізбесі қоса беріліп отыр.

20__ жылғы «__» _____
Басшы _____
(тегі, аты, әкесінің аты,) (қолы)

Өтініш 20__ жылғы «__» _____ карауға қабылданды

(өтінішті қабылдаған жауапты тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)
20__ жылғы «__» _____ Өтінішке
қосымша

**Занды тұлғаның құрамына кіретін құрылымдық бөлімшелердің тізбесі
(бар болса)**

Р/с №	Атауы	Тұқым сапасына сараптама жасалатын ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің атауы	Пошталық мекенжайы	Электрондық мекенжайы	Байланыс телефондары
1	2	3	4		5

Басшы _____
(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)
Тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі
зертханаларды аттестаттау қағидаларына
5-қосымша

Занды тұлғаның немесе құрылымдық бөлімшенің тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларға қойылатын талаптарға сәйкестігін тексеру актісі

Ескерту. 5-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.11.29 № 1505 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

20__ жылғы «__» _____ №__

Сараптамалық комиссия _____

(тұқым сапасына сараптама жүргізілетін ауыл шаруашылығы өсімдіктерін
к ө р с е т у)

тұқымдарының сапасына сараптама жасау жөніндегі зертхана мәртебесін
б е р у ү ш і н

(заңды тұлғаның (құрылымдық бөлімшенің) толық атауы)
тұқымға сараптама жасау жөніндегі зертханаларға қойылатын талаптарға
сәйкестігін тексеру нәтижелері туралы осы актіні жасады

Тексеру нәтижесінде мыналардың:

Көлемі 20 шаршы метрден кем емес (меншік құқығындағы немесе басқа
заттық құқықтағы) ғимараттың (үй-жайдың) _____болуы белгіленді
(бар/жоқ)

Мамандар тізбесі

Р/с №	Маманның тегі, аты, әкесінің аты	Лауазымы	Білімі	Тұқымдардың сорттық және егу сапасына сараптама жасау жөніндегі қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы жергілікті атқарушы орган тұқым сарапшысынан алған хабарламаның № және күні

Зертханалық жабдықтармен және өлшем құралдарымен қамтамасыз етілуі

Р/с №	Атауы	Өлшем бірлігі	Қамтамасыз етілуі	
			талап етілетіні	нақтысы

Химиялық реактивтермен, материалдармен және құрал-саймандармен қамтамасыз етілуі

Р/с №	Атауы	Өлшем бірлігі	Қамтамасыз етілуі	
			талап етілетіні	нақтысы
Реактивтер				
Материалдар				
Құрал-саймандар				

Тұқым сапасына сараптама жасауда қолданылатын өзектілендірілген нормативтік-техникалық құжаттар тізбесі

Р/с №	Атауы	Стандарттың нөмірі	Қамтамасыз етілуі	
			талап етілетіні	нақтысы

Сынамаларды сақтауға арналған сөрелердің болуы:
қажеті _____ дана қолда бары _____ дана

Комиссия төрағасы _____
(тегі, аты-жөні, лауазымы) (қолы)

Комиссия мүшелері _____
(тегі, аты-жөні, лауазымы) (қолы)

(тегі, аты-жөні, лауазымы) (қолы)

(тегі, аты-жөні, лауазымы) (қолы)

(тегі, аты-жөні, лауазымы) (қолы)

Тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі
зертханаларды аттестаттау қағидаларына
6-қосымша

№ _____ Аттестаттау туралы куәлік

_____ (мемлекеттік органның толық атауы)
20 ____ жылғы « ____ » _____ № _____ бұйрығы негізінде

_____ (заңды тұлғаның толық атауы)

(тұқым сапасына сараптама жасалатын ауыл шаруашылығы өсімдіктерін көрсету)

тұқымдарының сапасына сараптама жасау жөніндегі зертхана мәртебесі берілді.

Заңды тұлғаның құрамына кіретін аттестатталған құрылымдық бөлімшелердің тізбесі (бар болса) қоса беріледі.

Басшы _____
(тегі, аты, әкесінің аты) _____ (қолы)

Лауазымы _____

Берілген күні 20 ____ жылғы « ____ » _____

Мөр орны

Жарамдылық мерзімі 20 ____ жылғы « ____ » _____ дейін
20 ____ жылғы « ____ » _____ № _____
аттестаттау туралы куәлікке
қосымша

Заңды тұлғаның құрамына кіретін құрылымдық бөлімшелердің тізбесі

Р/с №	Құрылымдық бөлімшенің атауы	Тұқым сапасына сараптама жасалатын ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің атаулары	Пошталық мекенжайы
1	2	3	4

Басшы _____
(тегі, аты, әкесінің аты) _____ (қолы)

Мөр орны